

Кербұлақ аудандық мәслихатының бірқатар нормативтік құқықтық актілерінің күшін жою туралы

Алматы облысы Кербұлақ аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52-296 шешімі

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 21-1 бабының және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабы 5 тармағының беретін өкілеттігі шеңберінде Кербұлақ аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Кербұлақ аудандық мәслихатының 2015 жылғы 13 мамырдағы "Кербұлақ ауданындағы аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" № 43-250, (2015 жылдың 09 маусымдағы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3205 тіркелген, 2015 жылдың 26 маусымдағы аудандық "Кербұлақ жұлдызы" газетінің № 26 (3775) жарияланған) шешімінің, Кербұлақ аудандық мәслихатының 2015 жылғы 29 қыркүйектегі "Кербұлақ ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" № 47-272 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылдың 02 қарашадағы № 3514 тіркелген, 2015 жылдың 06 қарашадағы аудандық "Кербұлақ жұлдызы" газетінің № 45 (3794) жарияланған) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы*

*М. Нұрелов
Е. Сұраншынов*